Бақылауға алынды

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**

**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

201___жылғы _______________ Астана, Үкімет Үйі «___» ____________201__ года

№ ____________ № ____________

№ _____ данасы экз. №________

№ исх: 20-11/1851 от: 01.07.2016

**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Мәжілісінің**
**депутаттарына**

2016жылғы 2 маусымдағы
№ ДЗ-59 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

16 жасқа толмаған тұлғалардың әлеуметтік желілерге қолжетімділігіне шектеу қоюды енгізу бойынша ұсыныстарға қатысты келесіні хабарлаймын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланған Бала құқықтары туралы конвенцияға сәйкес Қазақстан баланың игілігі үшін қажетті қорғауды қамтамасыз етеді.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен балаларды олардың денсаулығы мен дамуына залал келтіретін ақпараттан қорғау құқықтарына бағытталған нормалар реґламенттелген.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабымен мемлекеттік органдар баланы оның денсаулығына, имандылық жағынан және рухани дамуына зиян келтіретін әлеуметтік ортаның, ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғау міндеті көзделген.

Осыған байланысты, балаларды интернет желісіндегі әлеуетті қауіпті ақпараттан қорғау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган тұрақты негізде бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау және ақпараттық кеңістікке мониторинг жүргізу бойынша жұмыс атқарады.

Айталық, ағымдағы жылы уәкілетті органның заңнама нормаларының бұзушылықтарын жою туралы хабарламалары бойынша интернет-ресурстардың меншік иелері мен әкімшіліктері 54747 ақпараттық материалды, оның ішінде

04.07.2016 ЕСЭДО ГО (версия 7.18.4) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП

05.07.2016 9:54:51 00000000

қатыгездікті, зорлық-зомбылықты, суицидті және порнографияны насихаттайтын 345 ақпараттық материалды жою бойынша шаралар қабылдады.

Сондай-ақ, уәкілетті орган Қазақстан Республикасы аумағындағы пайдаланушылар үшін 22610 ақпараттық материалға, оның ішінде қатыгездікті, зорлық-зомбылықты, суицидті және порнографияны насихаттайтын 20166 ақпараттық материалға шектеу қойды.

Сонымен бірге, балалардың ақпараттық қауінсіздігіне және олардың психоэмоциялық дамуына әсер ететін ақпараттық өнімнен қорғауға балалардың құқықтарын қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін жасау бағытында ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселесі өзекті болып қалады.

Бұл бағытта Қазақстан үшін 16 жасқа толмаған балалардың ата-аналарының келісімімен ғана әлеуметтік желілерге тіркелуін енгізу туралы Еуропарламенттің бастамасы қызығушылық тудырады. Бұл ретте «Facebook», «Snapchat», «Instagram» және «Twitter» сияқты негізгі әлемдік әлеуметтік желілер балаларға олардың ата-аналарының келісімінсіз әлеуметтік желілерде аккаунттар құруға тыйым салуға бағытталған арнайы алгоритмдер әзірлеу бойынша шаралар қабылдап жатыр.

Баяндалғандарды ескере отырып, Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне аталған мәселені қоғаммен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және өзге де мүдделі ұйымдармен талқылай отырып, пысықтау тапсырылды.

**К. Мәсімов**

Бақылауға алынды

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**

**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

201___жылғы _______________ Астана, Үкімет Үйі «___» _____________201__ года

№ ____________ № ____________

№ _____ данасы экз. №________

№ исх: 20-11/1851 от: 01.07.2016

**Депутатам**
**Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**

На № ДЗ-59
от 02.06.2016 г

**Уважаемые депутаты!**

Относительно предложения по введению ограничения доступа лиц младше 16 лет в социальные сети, сообщаю следующее.

В соответствии с Конвенцией о правах ребенка, ратифицированной постановлением Верховного Совета Республики Казахстан от 8 июня 1994 года Казахстан обеспечивает ребенку защиту, необходимую для его благополучия.

Законами Республики Казахстан «О средствах массовой информации», «О правах ребенка в Республике Казахстан» и «О рекламе» регламентированы нормы, направленные на защиту прав детей от информации, наносящей вред их здоровью и развитию.

В соответствии со статьей 36 Закона «О правах ребенка в Республике Казахстан» предусмотрена обязанность государственных органов защищать ребенка от отрицательного воздействия социальной среды, информации, пропаганды и агитации, причиняющих вред его здоровью, нравственному и духовному развитию.

В этой связи, в целях защиты детей от потенциально опасной информации в сети Интернет уполномоченным органом в области средств массовой информации на постоянной основе ведется работа по мониторингу информационного пространства и государственному контролю за соблюдением законодательства Республики Казахстан о средствах массовой информации.

Так, в текущем году по уведомлениям уполномоченного органа об устранении нарушений норм законодательства собственниками и

04.07.2016 ЕСЭДО ГО (версия 7.18.4) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП

администрациями интернет-ресурсов приняты меры по удалению 54747 информационных материалов, из которых 345 информационных материалов содержали пропаганду культа жестокости и насилия, суицида и порнографии.

Наряду с этим, уполномоченным органом ограничен доступ для пользователей с территории Республики Казахстан к 22610 информационным материалам, в числе которых 20166 информационных материалов содержали пропаганду культа жестокости и насилия, суицида и порнографии.

Вместе с тем, вопрос совершенствования национального законодательства в направлении создания эффективных механизмов обеспечения прав детей на информационную безопасность и ограждения их от информационной продукции, оказывающей на их психоэмоциональное развитие, безусловно, актуален.

В этом контексте для Казахстана, несомненно, представляет интерес инициатива Европарламента о введении регистрации в социальных сетях лицам младше 16 лет, только с разрешения родителей. При этом основные мировые социальные сети - «Facebook», «Snapchat», «Instagram» и «Twitter» принимают меры по разработке специальных алгоритмов, которые направлены на запрет детям заводить аккаунты в социальных сетях без согласия их родителей.

Учитывая изложенное, Министерству информации и коммуникаций поручено проработать данный вопрос, обсудив его с общественностью, средствами массовой информации и другими заинтересованными организациями.

**К. Масимов**